**Біліктілікті арттырудан өткені туралы куәлікті / сертификаттау курстарының құжатын алуға өтінім беру бойынша нұсқаулық**
**Құрметті тыңдаушылар!**

«University Medical Center» корпоративтік қоры (бұдан әрі – «UMC» КҚ) денсаулық сақтау саласы бойынша біліктілікті арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы куәліктерді беру Қазақстан Республикасының https://elicense.kz/?lang=kk «Электрондық лицензиялау» мемлекеттік порталы арқылы жүзеге асырылатынын хабарлайды.

Біліктілікті арттыру циклынан (немесе сертификаттау курсынан) өткені туралы куәліктің дұрыс қалыптастырылуы үшін төмендегі іс-қимылдар тізбегін сақтау қажет:

1. **https://elicense.kz/?lang=kk** сілтемесі бойынша өтіңіз.




2. Порталда келесі тәсілдер арқылы авторизациядан өту:
- QR-кодтың көмегімен **Egov mobile** арқылы;
- **Бір реттік код** арқылы (Логин мен құпия сөз көмегімен);
- **ЭЦҚ** (электрондық цифрлық қолтаңба) көмегімен egov.kz арқылы.

**Назар аударыңыз:** осы әдісті таңдаған кезде пайдаланушыны авторизациялау үшін egov.kz порталына автоматты түрде ауысу жүзеге асырылады.

3. Басты бетте **ҚЫЗМЕТТЕРДІ ІЗДЕУ** батырмасын басып, келесі мәтінді тереміз: **«Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру»**;







4. Одан әрі **«Қызметке онлайн тапсырыс беру»** батырмасын басамыз:



5. Пайда болған терезедегі қалалар тізімінен **Астана қ.** таңдаңыз. Ашылған ұйымдар тізімінен **«University Medical Center» корпоративтік қорын** таңдаңыз.




6. Мәліметтерді толтырып, сақтаймыз және **«Келесі»** (далее) батырмасын басамыз:



7. Мәліметтерді толтырамыз:




Куәліктің дұрыс қалыптастырылуы үшін жұлдызшамен (*) белгіленген барлық өрістерді оқу бағдарламаңызға қатаң сәйкес келетіндей етіп толтыруыңызды сұраймыз:

- **Академиялық сағаттар:** сағаттардың жалпы санын көрсетіңіз.
- **Курстың атауы:** біліктілікті арттыру тақырыбын орыс және қазақ тілдерінде жазыңыз.
- **Оқу мерзімі:** «Кезең» (Период) бағанындағы ашылатын күнтізбені пайдалана отырып, курстың басталу және аяқталу күндерін таңдаңыз.

**Жұмысты аяқтау:** Мәліметтерді енгізгеннен кейін **«Келесі»** (Далее) батырмасын басыңыз, ашылған терезеде ақпаратты тексеріп, **«Сақтау»** (Сохранить) және келесі кезеңге өту үшін қайтадан **«Келесі»** (Далее) батырмасын басыңыз.

8. **Қажетті құжаттарды жүктеу**




Құжаттарды қосу үшін жасыл «+» батырмасын басыңыз: Құжатты беру туралы сканерленген өтінішті жүктеңіз. Курсқа қабылданған кезде сізге берілген белгіленген үлгідегі бланкіні пайдаланыңыз.

**9. ЭЦҚ** немесе **QR-кодты** таңдап, өтінімге қол қоямыз.

